# ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ОБЛЫСТЫҚ ФТИЗИПУЛЬМОНОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ » ШЖҚ МКК ҚЫЗМЕТІНІҢ СЫБАЙЛАСЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ІШКІ ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛҒАН АНЫҚТАМА ЖОБАСЫНА ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ ХАТТАМАСЫ

**20 маусым 2024 жыл** **Шымкент қаласы**

**Өткізілетін орны:** Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК мәжіліс залы, Шымкент қаласы, Жібек жолы даңғылы, 13/1 ғимарат, 1 қабат, конференц-зал.

**Өткізілген уақыт:** 2024 жылдың 20 маусым, сағат 12:00

***Жалпы жиналысқа*** **төрағалық етуші:** басшының медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау орынбасары И.Р. Кудайбергенов.

**Хатшы:** Е.Б. Анарбеков.

**Жиналысқа қатысушылар:** басшы орынбасарлары мен әкімшілік бөлім қызметкерлері, бөлім меңгерушілері, дәрігерлер, аға медбикелер және мейірбикелер қатысты.

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- Кәсіпорын қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасын талқылау.

**Сөз сөйледі:**

Кәсіпорын басшының медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау орынбасары И.Р.Кудайбергенов жиналысты ашық деп жариялап, 2024 жылдың 17 мамыр - 28 маусым аралығында жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-У заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл анеттігі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғ 16 ақпандағы №21 бұйрығын орындау мақсатында және Кәсіпорынның 2024 жылғы 30 сәуірдегі №119 н/қ бұйрығымен құрылған жұмыс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Баяндамашы Е. Анарбеков кәсіпорынның персоналды басқару қызметіне қатысты ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топ анықтаған кемшіліктер бар екендігін айтты.

1. Мекеме қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану кезінде заңнама талаптары сақталмаған. Қызметкерге теріс қылық үшін түсініктеме беру туралы хабарлама қызметкердің жеке өзіне немесе курьерлік пошта байланысы, пошта байланысы, факсимильді байланыс, электрондық пошта

және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жолданбаған. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.

2. Мекемеге қызметкерлер қабылдау кезіндегі бұйрықтары Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің заңнама талаптарына сай еместігі анықталды.

Осы орайда, 2023 жылдың 01 тамызымен 2024 жылдың I-жарты жылдығын жұмысқа қабылдау бұйрықтарын жұмысшы топ тексеру барысында, кәсіпорынның 2023 жыл 24 тамыздағы №1141 ж/қ бұйрығымен уақытша жұмысқа қабылданған қызметкер Аяш Маханбет Қанатұлы бұйрығы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 30 бабы (Еңбек шартының мерзімі) 1-тармағы 5-тармақшасына сай маусымдық жұмысқа қабылданушы болып толтырылған. ҚР ЕК сай 30-бабының 1-тармағының 4) тармақшасы болу тиіс еді. Алайда, Еңбек kz порталында жоғарыда осы көрсетілген баппен және бұйрықтың ішкі мазмұны уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру уақытына (бала күтімі демалысындағы жұмыскердің орнына) қабылданғаны туралы көрсетілген.

3. Мекемеде зейнетке шыққан қызметкерлердің бұйрықтары заңнама талаптарына сай бұзылмаған. Бұл өз кезегінде, тиісті төленетін төлемақының төленбеу тәуекелін тудыруы мүмкін делінген болатын.

Осы орайда, жұмыс топ зейнетке шыққан қызметкерлердің бұйрықтары заңнама талаптарына сәйкестігін қайта тексере келе, Қазақстан Респуликасының Заңнамаларына сай тиісті, зейнетке шыққан қызметкерге төленетін төлемақының төленбеу тәуекелі орын алмағандығын анықтады. Бұйрықтар мен төлемдер уақытылы және дұрыс толтырылып отырған.

Жиналыс төрағасы И.Р.Кудайбергенов сөз кезегін алып, күн тәртібіндегі мәселе өзекті екендігін айтып, жауапты қызметкерлерге Заңнама талаптарын сақтауды ескертті.

***Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша төраға қортындылай келе:***

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қортындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасалынсын.
2. Кәсіпорын қызметкерлері арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидалары бойынша атқарылған жұмыстарына қанағаттандырарлық деген баға берілді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңдарын талқылауды белсенді түрде түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

***Жиналыс төрағасы*** **И.Р. Кудайбергенов**

***Жиналыс хатшысы*** **Е.Б.Анарбеков**